

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ ОНЛАЙН ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ КАДРЛЫҚ ІРІКТЕУ САПАСЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА 2026 ЖЫЛҒЫ 1 СӘУІРДЕН БАСТАП МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН ТӨРТІБІ ЕНГІЗІЛЕДІ. ЖАҢА ТӨРТИП КОНКУРС РӘСІМДЕРІНІҢ АШЫҚТЫҒЫН КҮШЕЙТІП, КӘСІБИ МАМАНДАРДЫ ТАРТУҒА, КЕЙБІР РӘСІМДЕРДІ ЖЕҢІЛДЕТІП, КОНКУРС МЕРЗІМДЕРІН ҚЫСҚАРТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.



Мемлекеттік қызметке қабылдау рәсімдері «Е-қызмет» ақпараттық жүйесінің euzmet.gov.kz порталы арқылы онлайн жүргізіледі. Конкурстық қатысу үшін кандидат мемлекеттік тілді және заңнаманы білу тестілеуінен, сондай-ақ жеке қасиеттерін бағалау кезеңінен өтуі тиіс. Тестілеуге қатысу үшін кандидат жүйеде тіркеліп, тестілеу күнінен кемінде бір күн бұрын өтініш береді және кестеге сәйкес уақытта таңданылады.

Заңнаманы білу тестілеуінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдар, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бойынша сұрақтар қамтылады. Барлығы 55 сұрақтан тұратын тестілеуден өту үшін кандидат кемінде 30 сұраққа дұрыс жауап беріп, әрбір нормативтік құқықтық акт бойынша кемінде 5 дұрыс жауап көрсетуі қажет.

Жеке қасиеттерді бағалау тестілеуі үш бағдарлама бойынша жүргізіледі. Бірінші бағдарлама басшылық лауазымдарға арналған және онда 10 құзырет (проактивтілік, коммуникативтік, талдамалық және стратегиялық ойлау, көшбасшылық, әдептілік, нәтижеге бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, жауапкершілік, қызметті басқару) бағаланады. Екінші бағдарлама басшылық емес лауазымдарға арналған және жеті негізгі құзыретті (проактивтілік, коммуникативтік, талдамалық ойлау, әдептілік, нәтижеге бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, жауапкершілік) қамтиды. Үшінші бағдарлама жұмыс өтілін талап етпейтін төменгі

әкімшілік лауазымдарға арналған және кандидаттың әлеуметтік, эмоционалды және логикалық интеллекті бағаланады. Бірінші бағдарлама бойынша берілген жеке қасиеттерді бағалау қорытындысы екінші бағдарламаға жататын лауазымдарға жарамды болып есептеледі. Ал бірінші және екінші бағдарламалар бойынша берілген қорытындылар үшінші бағдарламаға жататын төменгі лауазымдарға жарамсыз, себебі олардың бағалау бағдарламалары әртүрлі.

Мемлекеттік тіл мен заңнаманы білу және жеке қасиеттерді бағалау сертификаттары бар кандидаттар бір жыл ішінде мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға жарияланған конкурстарға қатыса алады.

Үміткер тестілеуді айына үш реттен артық тапсыра алмайды, ал қайта тестілеу үш айдан кейін ғана мүмкін. Конкурстық қатысуға жеке қасиеттерді бағалау нәтижелері бойынша ең жоғары балл жинаған ТОП 5 кандидат жіберіледі.

Жеке қасиеттерді бағалау нәтижелері бойынша іріктелген басшылық лауазымдарға үміткер бес кандидат эссені онлайн режимде жазады. Эссе жазу барлық басшылық лауазымдарға міндетті талап болып табылады. Эссе жазу кезеңінен өткен кандидаттар кәсіби сипаттағы сұрақтар қойылатын бейнебайланыс арқылы өтетін әңгімелесуге шақырылады.

Жүйе барлық балдарды автоматты есептейді. Жеке қасиеттерді бағалау мен конкурс кезеңдері бойынша ең жоғары жиынтық балл жинаған кандидат жеңімпаз болып саналады. Теңдік жағдайында еңбек өтілі, білім деңгейі және жеке қасиеттер есепке алынады. Жұмыс өтілін талап етпейтін лауазымдарға еңбек өтілі есепке алынбайды.

Тоқтамыс ЖҰМАҒҰЛОВ,
Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департамент басшысы.

«МИЛЛИОНДЫҚ ЖЕТКІЗІЛІМ»

БАС ПРОКУРАТУРАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ КОМИТЕТІНІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТӘУЕКЕЛДЕРІН БОЛЖАУ ОРТАЛЫҒЫ ЖАҢА АЛАЯҚТЫҚ ТОЛҚЫН ТУРАЛЫ ЕСКЕРТЕДІ.

Шетелдік дереккөздердің ақпараты бойынша (<https://www.theguardian.com/money/2026/mar/01/cleaning-superstore-the-missed-delivery-text-scam-whatsapp>, <https://dzen.ru/a/aa5EsluKNzrADYS3>) зиянкестер жаппай мессенджерлер мен SMS арқылы «жіберіп алған жеткізілім» туралы жалған хабарламалар жібереді.



Бір қарағанда мұндай хабарламалар зиянсыз көрінеді және курьерлік қызметтердің стандартты хабарламаларын еске салады. Мәтінде курьердің сәлемдемені тапсыра алмағаны және жеткізілімді қайта ресімдеу үшін арнайы паракка көшуді ұсынатыны көрсетіледі.

Алайда көрсетілген мекенжай логистикалық компаниялардың ресми ресурстарын толығымен еліктетін жалған сайтқа апаратын.

Пайдаланушыға жеке мәліметтерін - Т.А.Ә., ЖСН, тұрғылықты мекенжайын көрсету, сондай-ақ жеткізілімді қайта жеткізу үшін аз соманы төлеу ұсынылады.

Тісті ақпаратты енгізгеннен және төлем төлегеннен кейін қылмыскерлер құпия деректер мен банк деректемелеріне қол жеткізеді, бұл қаржылық шығындарға ғана емес, сондай-ақ сіздің дербес деректеріңізді қылмыстық схемаларда әрі қарай пайдалануға да әкелуі мүмкін.

Алаяқтардың құрбаны болмау үшін қарапайым, бірақ

маңызды сақтық шараларын сақтау қажет:

- егер сіз жеткізілімді күтпейтін болсаңыз, мессенджер және SMS хабарлардан сілтемелер арқылы өтпеу;
- сайт мекенжайын мұқият тексеру – алаяқтық ресурстар көбінесе бір немесе екі әріппен, белгілермен ерекшеленеді;
- күдікті ресурстарға құпия және банктік ақпаратты енгізбеу;

– жеткізілімнің мәртебесін курьерлік қызметтердің, логистикалық компаниялардың ресми сайттары мен қосымшалары арқылы ғана тексеру;

– күдікті хабарламаларды алған кезде оларды елемей және бұғаттау.

Аферистер азаматтардың сенімділігін және жеткізілім туралы хабарламаларға жылдам жауап беру әдетін белсенді пайдаланады. Сондықтан да мұндай схемалар шапшаң таралып, әркімге әсер етуі мүмкін.

Цифрлық ортадағы сақтық – қаржылық ысыраптардан және дербес деректердің жария болуынан ең жақсы қорғау.

БАС ПРОКУРАТУРАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ.

ХАБАРЛАМА

«Әлихан Маңғыстау» ЖШС Ақтау-Форт-Шевченко 89 км (43-132 км учаскесі) І ҚР Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданындағы іске қосу кезеңі (43-73 км) автомобиль жолын қайта жаңарту үшін №4 топырақта сазды жыныстарды (саздақтарды) және өктасты (жартылай тасты топырақты) өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетіні туралы хабарлайды.

Әкімшілік жағынан №4 топырақ резерві Түпқараған ауданының аумағында орналасқан және Ақтау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 65 км жерде орналасқан. Ең жақын елді мекен-батысқа қарай 25 км қашықтықта орналасқан Сайын Шапағатов а.

Учаскенің координаттары: 1. 44° 12' 11,19" с.ш., 50° 57' 22,88" в.д., 2. 44° 12' 14,32" с.ш., 50° 57' 36,8" в.д., 3. 44° 11' 55,68" с.ш., 50° 57' 45,85" в.д., 4. 44° 11' 52,21", 50° 57' 32,34" в.д.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні мен уақыты 30.04.2026 ж., 10:00, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Сайын Шапағатов а.о., Сайын Шапағатов а., а.о. өкімдігі.

Бейнеконференция сілтемесі:
<https://us04web.zoom.us/j/8680202115?pwd=S0JsaHpnZDMs9SU2N3VlZSa2ZDZz09&omn=76099774686>

Конференция идентификаторы: 868 020 2115

Кіру коды: Qvb76B
Қоғамдық тыңдауға шығарылған материалдармен сайтта танысуға болады ndbecology.gov.kz.

Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган – Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, e-mail – tabigat@mangystau.gov.kz, телефон – 8 /7292/ 46-21-31/1066. Сайт - <https://www.gov.kz/memket/entities/mangystau-eco/Contacts?lang=ru>.

Тапсырыс беруші: «Әлихан Маңғыстау» ЖШС, 130600, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылдық округі, Басқұдық ауылы, Жаңақоныс тұрғын алабы, Жадыр көшесі, Е-38/4 көшесі, БСН: 110540008550.

Әзірлеуші: «Ақтау-GeoЭкоСервис» ЖШС, БСН 110140002814, Ақтау қ., 15-шағынаудан, 67-үй.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, email – s.bazarbay@mangystau.gov.kz, телефон - 8 /7292/ 46-21-31/1066.

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай төсідермен таратылатын болады: «Маңғыстау» және «Огни Мангыстау» газетінің басылымында, «Love Radio» радиорнасының эфирінде, сондай-ақ хабарландыру тақтасында жарияланатын болады.

ХАБАРЛАМА

МО бойынша ТМРҚД «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 24 желтоқсандағы №113-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 26.02.2026 ж. №10-НҚ бұйрық негізінде «МАЭК»ЖШС 20.03.2026 ж. жылғы № 515-в бұйрықпен 2026 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіле отырып, магистральдық құбырлар арқылы су беру (су өндіру) бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтерді бекітті.

Бекітілген тарифтер кестелік түрде төмендегі сайттарда орналастырылған: www.maek.kz және kz.maek.kz.

«МАЭК» ЖШС әкімшілігі.

Ақтау қаласы, 12-шағын аудан, «Капитал» БО, 79/4- ғимаратта орналасқан «QazaqGaz Aitmaq» АҚ Маңғыстау өндірістік филиалы газ тарату жүйелері және магистральдық газ құбырлары арқылы тауарлық газды тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну бойынша 2025 жылға бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштерін сақтау және тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы жыл сайынғы есептің тыңдауы 2026 жылдың 29 сәуірінде сағат 11.00-де Ақтау қаласы, 12-шағын аудан, «Капитал» БО, 79/4-ғимарат, 6-қабат мекенжайы бойынша өтетінін хабарлайды.

"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС
ЖАРНАМА БӨЛІМІ

8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында

8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосұлы

MAŃGYSTAŪ
MEDIA